




***Қазақ тілінің тарихи
грамматикасы***





Қазіргі қазақ тілінің тарихи
грамматикасының пәні

Пәнаралық байланыс.

1.Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы

2.Көне түркі жазба ескерткіштері

«Тарихи грамматика» «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасынан» бөлек, дербес пән, ғылым саласы. Тарихи-салыстырмалы түркология жалпы түркілік күйді, тарихтың көне, ескі дәуірлеріндегі оларға ортақ заңдылықтарды түсіндіріп, жеке тілдердің қалыптасу дәуіріне келген жерден қазақ тілінің тарихы басталады. Жалпы түркілік сипат аяқталып, жеке тайпалар мен рулардың халық болып бірігу дәуірінде-ақ қазақ тілінің тарихи мәселелері өз ерекшелігімен бой көрсете бастайды. Бұл түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының алғашқы саласынан барып туатын айырмашылық. Ал түркі тілдерін синхрондық күй тұрғысынан салыстыру, сол арқылы олардың өзара айырым белгілерін айқындау – бұл тарихи грамматикамен тікелей байланыспайтын сала. Мұндай зерттеу – тілдердің бүгінгі дербестігі, олардың әрқайсысына тән заңдылықтар жүйесі орныққандығы тұрғысынан, **яғни жеке**, дербес тілдер болғандықтан ғана мүмкін болады. Тарихи грамматика бір тілді диахрондық тұрғыдан түсінуге құрылса, салыстырмалы грамматика тілдер тобын синхрондық тұрғыдан ғана қарастырады



2 сала

1.Барлық түркі тілдерінің негізін жобалау

2.Синхрондық салыстыру

Бұл пәннің құрамынан екі түрлі саланы ажыратуға болады: біріншіден, барлық түркі тілдерінің түп негізін жобалау, әрбір тарихи дәуірлерде оларға ортақ даму заңдылықтарын ашу сипатындағы зерттеулер. Отандық түркология (дүние жүзілік түркология да) осы сипатты еңбектерден басталады. Олар – түркі тілдері тарихында белгілі ескерткіштерді филологиялық тұрғыдан зерттеу, олардың әрқайсысының бүгінгі түркі тілдеріне қатысы тәрізді мәселелерді зерттеу арқылы түркі негіз тілдің сипатын жобалау, әрбір тарихи кезеңдерде жалпы түркі тілдерінде болған фонетикалық және грамматикалық өзгерістердің түрлері, тілдік жаңалықтардың қалыптасу кезеңі және олардың тіл құрылымын қамту дәрежесі, тілдік өзгерістердің этно-географиялық таралушегі т.б.

Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының екінші саласы – синхрондық салыстыру, бүгінгі түркі тілдерінің белгілі жүйелер бойынша салыстыра келіп, олардың арасындағы айырмашылықтар тобын белгілеу




Қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық жүйесін тарихи дәуірін зерттеуде Қолданылатын көздер

Қазақ тілі фонетикасы мен грамматикалық жүйесінің тарихи дамуын зерттеуде сүйенетін көздер: көне дәуір ескерткіштері, қазіргі қазақ тілі, қазақ тілі диалектілері, фольклор, ономастика, басқа тілдерден ауысқан сөздер, XVIII-XIX ғасырларда жазылған әр түрлі кітаптар, қолжазбалар т.б.



Қазақ тілі тарихын кезеңдерге бөлу

Қазақ тілінің қалыптасу, даму кезеңдерін айқындау жалпы түркі тілдерінің даму жолдарымен тікелей байланысты. Түркі тілдері, қазіргі түркология қолданып жүрген, қалыптасқан көзқарас бойынша, алты түрлі дәуірді бастан кешірген. Н.А.Баскаков бұл дәуірлерді былай атайды: Алтай дәуірі (б. з. д. III ғасыр), Хун дәуірі (б. з. д. III ғасырдан — б. з. V ғасыр), Көне түркі дәуірі (V—X ғасырлар), Орта түркі дәуірі (X—XV ғасырлар), Жаңа түркі дәуірі (XV—XX ғасырлар). Түркологияда қазақ тілі түркі тілдерінің, біршама «жаңа» деп қаралатын тобына жатқызылады. Олай болатын себебі: қазақ рулары тарихтың ерте кезінен-ақ мәлім болса да, «қазақ» деп аталатын біртұтас халық XV—XVI ғасырларда барып қалыптасады.



Факт

Тарихи грамматика өз қорытындыларында, өз зерттеулерінде көне ескерткіштер фактілеріне сүйенеді. Әсіресе тарихи морфология, тарихи синтаксис негізінен көне ескерткіштер фактілерін хронологиялық ретпен қарастырып, талдауға негізделеді. Тарихи грамматика көне ескерткіштер фактілерін ретроспективтік әдіспен динамикада алып, талдау жасап қорытындылайды. Ал «көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» пәні VII ғасырдан XVI ғасырға жалғасатын мұралардың әрқайсысының тілін сипаттауды ғана мақсұт тұтады.

